

Жандарбек Қожаның 100 жылдығына

## ҚОЖА АТАНЫҢ ҚАСИЕТІ

Жандарбек қожа Ақкөл Жайылмаға аты жайылған, бүгінде Екібастұз өңірі халқы тегіс білетін аруақты адам болған. Атаның асыл қасиеті туралы әңгімелер аңызға айналып, оның шапағатын көрген адамдар әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай, дұғаларына қосып жүреді. Солардың бірі Оралхан Тұрсынханұлы аруақты адамның көп жерде көмегі тигенін редакцияға келіп айтуды жөн көріпті.

1991 жылдары Шығыс Қазақстан облысында тұрған Оралхан аға сол кездегі аласапыран уақыттың азабын тартудай-ақ тартады. Бала-шағаның қамы үшін деп коммерциямен айналысқан оның қолы ә дегеннен жүре қоймайды.

Жандарбек қожа туралы Оралхан Тұрсынханұлы былайша әңгімелейді.

«Ол кездері «коммерсант» деген ұғым жаңа ене бастаған еді. Сол коммерцияның «алғашқы қарлығаштары» мына біздер болдық. Елгінің қолы жүріп тұрған заманда ептеп біз де өз орнымызды қалайық деп саудамен де, делдалдықпен де айналыстық. Рәкеттерді айтпағанда несиенің өзі түгінді қоймайды екен. Банктен алған 100 мың несиеңі 400-500 мың қылып қайтарғанды да көрдік. Тиыннан теңге құрайын деп қанша талаптансам да қолым бір жүрмей қойды. Ақырында банкрот болып, үйден, машинадан, бәрі-бәрінен жұрдай болдым. Осылайша бірнеше жыл өткен соң бір інімнің әйелі қайтыс болып, осында келдім. Келінді жерлеген соң, құдағи «қызымның басына барам» деп бізбен еріп жүрді. Басқамысқа бара жатқанда Ақкөлден өте берген тұста машинаның артқы дөңгелегі жарылып, тоқтап қалды. Сонда құдағи «Е, Қожа атаның аруағы жібермей жатқаны ғой», - деді. Жандарбек қожа туралы сол жолы бірінші рет естідім.

Содан соң өзім қиналып, жолым болмай жүрген кісі болғандықтан не де болса әулиенің басына барайын деген ойға келіп, ініме «мені сонда апар» деп жабыса кеттім. Содан машина жөнделді. Қайтар жолда әдейілеп құдағимен бірге Қожа атаның үйіне түстік. Үйге кіріп, шай-пай ішкен соң, бейіттің басына тарттық. Бірекі шақырым қалғанда көлігіміз тіпті жүрмей қалды. Енді далада қалмайық

деп Павлодардан келе жатқан машинаға құдағиды мінгізіп жібердік. Інім трактор іздеп кетті. Мен атаның бейітіне жаяу тарттым. Барған соң білген дұғамды оқып, Құран бағыштадым.

Ауылға келген соң құдағидың үйіне қонып қалдық. Сол түні түс көрдім. Түсімде айналамда ақ жаулықты апалар, ақсақалдар жүр екен деймін. Бір кезде «мына қасиетті суды ішіп ал, жуынып ал» деген дауыс естідім. «Тоғыз, тоғыз, тоғыз...» деді әлгі дауыс тағы да. Ұйқымнан ояңған соң 9 деген жақсы сан ғой деп, түсімді жақсыға жорыдым. Осы оқиғадан 1-2 апта уақыт өткеннен соң жұмыс жағдайымен Семейге бардым. Содан Алматы, Таразға сапарға шығып жүргенімде Түркістанға жолым түсті. Сонда Укәш деген ақсақалдың құдығынан су іштік. Сөйтіп тұрып жан-жағыма қарасам, бұрынғы көрген түсім айна қатесіз алдыма келіп тұр екен. Осыдан кейін Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи бабалардың басына түнедім. Бір күні ұйықтап жатқанда «Саған аян берді ме?» деген дауыс естідім. «Жоқ» деген болуым керек. «Саған аян береді!» деді әлгі дауыс. Сол уақыттан бері жағдайым түзелді. Отбасымның жағдайы жақсарды. Қожа атаның басына жылына бірнеше рет баруды әдетке айналдырдым. Жандарбек атаның балаларын жақсы танымын, барған сайын міндетті түрде балаларының үйіне кіріп шығамын.

1996 жылы Екібастұзға көшіп келдім. Қожа атаның басына барып келген соң жұмысқа тұруым жеңіл болды. Жолым болып, құжаттарымды тез дұрыстатып алдым. Бұдан кейін де қиын кездерде атаның әруағы демеп жүрді. Қазір құдайға шүкір, жұмысым бар. Төрт балам бар. Балаларымның бәрі оқып жатыр. Үйде ылғи да «Әуелі Алла, одан соң Қожа атаның шапағаты тиді» деп айтып отырамын».

Оралхан аға бірнеше жылдан бері ораза ұстайды екен. Мешітке барып тұрады, әсіресе жұма күні қалмауға тырысады және әр барған сайын Қожа атаның аруағына арнап Құран бағыштайды.

Гүлсана Медеубайтегі